



АСТАНА

АҚШАМЫ

Қасым Қайсеновтің кездігі

Жуырда ұлтымыздың даңқты батыры, Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің туғанына 100 жыл толды. Осы күндері ҚР Ұлттық музейінде батырдың қолының табы қалған кездік сақтаулы. Құнды жәдігер ХХ ғасырдың ортасында жасалған. Ұзындығы – қынабымен 33 см.



Кездікті Қасымға Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, генерал-полковник Владимир Лавриненков сыйға тартқан. Қынабында одан хабар беретін арнайы жазу да бар.

Қос батыр алғаш рет 1943 жылы майдан даласында кездескен. Ұшқыш болған Лавриненковтың ұшағын фашистер атып түсіріп, тұтқынға алған. Кеңес жауынгерін Гитлердің ордасына әкелу керек еді. Алайда пойызда ол қашып құтылған. Тағы бір солдатпен бірге орманда адасып жүргенде партизандар жасағына кездесіп, Қасым Қайсенов сапында болған сол жасақпен бірге төрт ай бойы жүрді. Бұл деректі көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев Қасымның өз аузынан 1981 жылы жазып алған.



Генерал-полковниктің өзі де «Аспанға оралу» атты кітабында қазақ батырымен майданда кездескен сәтін былайша еске алған еді: «Партизандар арасында өзге ұлттардан шыққан адамдар да болды. Менің көзіме кең иықты, дембелше, қара торы келген қазақ жігіті бірден түсті. Бізді көрген ол бірден бауырына тартып, жылы сөйлесті. Кім екенімізді, қайдан келгенімізді сұрады. Бұл қазақ халқының перзенті, командир, батырлығымен, тапқырлығымен және жергілікті халықпен татулығымен аты шыққан Қасым Қайсенов болып шықты».

Осыдан соң батырлардың бір-біріне деген сыйластығы, достығы генерал-полковник дүниеден озғанша үзілген жоқ. Соның бір куәсіндей Ұлттық музей төрінде тұрған кездік.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ